

ТАҚЫРЫП-10. МЕМЛЕКЕТТІК КРЕДИТ ПЕН МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ

Мазмұны:

10.1 Мемлекеттік кредиттің мәні

10.2 Мемлекеттік кредиттің нысандары мен әдістері.

10.3 Халықаралық мемлекеттік кредит

10.4 Мемлекеттік борыш және сыртқы мемлекеттік борышты басқару, экономикалық салдары.

Негізгі ұғымдар:

- Мемлекеттік кредит
- Халықаралық мемлекеттік кредит
- Мемлекеттік борыш

Мақсаты: қаржының мәні мен функцияларын, олардың ұдайы өндіріс процесіндегі рөлін теориялық негіздеу; қаржы жүйесінің мазмұны мен құрамын ашу; қаржылық, фискалдық және ақша-несие саясаты контекстінде қаржылық менеджмент негіздерін оқу; қаржы нарығының дамуының қазіргі тенденцияларын және қаржы делдалдарының, сақтандыру ұйымдарының және халықаралық қаржы институттарының қызметін сипаттау; кәсіпорындардың қаржылық-шаруашылық қызметінің негіздерін оқып білу; студенттердің қазіргі жағдайда үй шаруашылығының қаржысын басқарудың практикалық дағдыларын дамыту; студенттерді жеке қаржыны басқаруда қаржылық, несиелік, инвестициялық және сақтандыру құралдарын тиімді пайдалануға үйрету.

10.1 Мемлекеттік кредиттің мәні

Мемлекет пен муниципалдық құрылымдардың (жергілікті атқарушы органдардың) қарамағына елдің заңды және жеке тұлғаларының бос ақша қаражаттары да, сонымен бірге, басқа елдердің (үкіметтердің, қаржы-кредит мекемелерінің) және халықаралық қаржы-кредит институттарының ресурстары да несие капиталы ретінде уақытша пайдалануға жұмылдыру үшін және бюджет тапшылығы проблемаларын шешу үшін тартылуы мүмкін. Оларды алудың басты әдісі мемлекеттік кредит болып табылады.

Мемлекеттік кредит — жалпымемлекеттік қаржының басты буындарының бірі және кредит қатынастарының жиынтығы, бұл қатынастарда мемлекет несиегердің де, қарыз алушының да, гаранттың да (қарыз алушы үшін мемлекеттің кепілгерлігін білдіреді) рөлінде көрінуі мүмкін.

Мемлекеттік кредиттің ерекшелігі қарызға берілген қаражаттардың *қайтарымдылығында, мерзімділігінде және ақылығында*. Алайда, бұл қатынастарды банк несиесімен шатастыруға болмайды.

Мемлекеттің кредиттің жекеше кредиттен айырмашылығы:

Жекеше кредит	Мемлекеттік
1) өндірістік мұқтаждар үшін жұмылдырады;	1) өндірістік және өнірістік емес мұқтаждар үшін жұмылдырады;
2) несие капиталды жұмылдырады;	2) төлем және сатып алу қаражаттары жұмылдырылады;
3) өтеу қосымша өнім немесе өндіріс процесінде пайда болатын құннан жүргізіледі;	3) өтеу бюджет кірістерінен (негізінен салықтық түсімдердің есебінен) жүргізіледі;
4) капиталдың қолдану сферасын (өндірістік сфераны) кеңейтеді.	4) капиталды қолану сферасын тарылтады.

Мемлекеттік кредиттің көмегімен жұмылдырылған қаражаттар көбінесе экономиканы қаржыландыруға бағытталатындықтан оның өндірістік сипаты болуы тиіс. Мемлекеттік кредит жөніндегі қатынастар мына негіздерде қаржы қатынастарына кіреді:

1) мемлекеттік кредит жолымен жұмылдырылатын қаражаттар әр түрлі қажеттіліктерді — өндірістік, өндірістік емес, сол сияқты стратегиялық, оперативтік қажеттіліктерді қаржыландыруға бағытталатын мемлекеттің қаржы ресурстары ретінде қаралады;

2) алынған және берілген кредиттер үшін есеп айырулар, олар үшін пайыздар төлеу бюджеттердің — үкіметтің қарыз алулары кезінде орталық (республикалық) немесе биліктің жергілікті органдарының қарыз алулары кезінде жергілікті бюджеттердің қаражаттар есебінен жүргізіледі. Бюджет кірістерінің негізгі және тұрақты бөлігін салықтық түсімдер құрайтындықтан қарыздар арқылы жұмылдырылатын қаражаттар “антиципацияландырылған салықтар”, яғни мерзімінен бұрын өндіріп алынған салықтар деп аталады.

Мемлекеттік кредит ақша қаражаттарын **қайта бөлу функциясын** орындайды. Бұл халықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің уақытша бос ақша қаражаттарын шоғырландырумен байланысты. Бұл функцияда мемлекеттік кредит жинақ ақшаны ұйымдастыру нысандарының бірі болып табылады. Кредиттің көмегімен біршама азғантай, орташа жинақ ақша мемлекетте шоғырландырылады және оның қажеттіліктерін қаржыландыруға бағытталады. Бұған халықтың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасында орналастырылған мемлекеттік қарыздардың облигацияларын шығару, мемлекеттің бағалы қағаздардың басқа түрлерін (қазынашылық міндеттемелерді, қазынашылық бондарды, сертификаттарды) шығару арқылы қол жетеді.

Мемлекеттік кредиттің екінші функциясы- реттеуші функциясы. Бірінші кезекте мемлекет несиелік пайыздың мөлшеріне ықпал жасай отырып, ақша ағындарын реттейді: несие капиталының рыногында қаржыгер бола отырып, ол бұл капиталға деген сұранымды арттырады, мұның нәтижесінде несие капиталының нормасы артады. Сөйтіп, мемлекет бұл рыноктағы бәсекеге араласады, одан жеке инвесторларды ығыстырады. Бұл олардың бизнестің белгілі бір түрлерін инвестициялауын шектеуді тудырады. Бір мезгілде мемлекеттің бағалы қағаздарын сатып алу кезінде айналыстағы ақшаның (қолма-қол ақшаның және қолма-қолсыз ақшаның) қысқаруына жеткізеді, мұның өзі ақша эмиссиясының зардаптарын жою үшін тиімді болуы мүмкін.

Мемлекеттік кредит ролі — халықтың, кәсіпорындардың, ұйымдардың уақытша бос қаражаттарын жұмылдырудағы мүмкіндіктеріне және олардың мемлекеттің кезек күттірмейтін мұқтаждарын қаржыландыруға бағыт жасайды.

Мемлекеттік кредит түрлері бойынша **ішкі, сыртқы, шартты** болып бөлінеді.

Ішкі кредитте- мемлекеттік кредит қатынастары жан-жақты тұрғыда: қарыздар кезінде де, несиегер ретінде де елдегі үкіметтің, биліктің жергілікті органдарының, кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың арасында пайда болады.

Сыртқы кредитте- қатынастарға бір жағынан, үкімет, биліктің, жергілікті органдарды, екінші жағынан басқа мемлекеттердің үкіметтері, банктері, компаниялары, сондай-ақ халықаралық қаржы-банк ұйымдары араласады. **Кредит беруші тарапынан мемлекет-донор немесе ұйым-донор, ал кредит алушы ел реципиент-ел** деп аталады.

Шартты мемлекеттік кредит- отандық қарызгерлер: кәсіпорындар, ұйымдар, фирмалар, жергілікті билік органдары алған қарыздарына басқа елдердің несиегерлеріне берілген кепілдіктер бойынша үкіметтің міндеттемелері ретінде болады. Қарыз шарттары орындалмаған жағдайда үкімет отандық қарызгердің уақыты келген міндеттемелері бойынша қарызгердің мүлкінен немесе басқа активтерін бюджет қаражаттары есебінен қарыздың сомасын төлейді.

Мемлекеттік несиелендірудің негізгі сферасы- күрделі жұмсалымдар: басым өндірістерді қаржыландыру; тұрғын-үй құрылысын қаржыландыру; экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылым салаларын қаржыландыру.

Несие капиталдары рыногында мемлекет **гарант** ретінде бола алады. Төлемдердің кідірісі бойынша тәуекелдіктер; банкроттық; саяси және басқадай себептер жағдайында бұл мемлекеттік несиелендірудің ерекше нысаны.

Мемлекеттік кредиттің көздері- кәсіпорындарда, банктерде, зейнетақы қорларында, сақтық қорларда, халыққа пайда болатын уақытша бос қаражаттар.

Мемлекет кредит ресурстарын:

1. бюджет тапшылығын қаржыландыру
2. ұлттандырылған және аралас кәсіпорындарға жұмсалатын күрделі жұмсалымдарды қаржыландыру.

3. биліктің жергілікті органдарының шаруашылық органдарын қаржыландыру
4. елдің ақша айналысын реттеу үшін пайдаланады.

10.2 Мемлекеттік кредиттің нысандары мен әдістері.

Ішкі мемлекеттік кредиттің нысандары мынадай:

1. мемлекеттік қарыздар шығару
2. коммерциялық банкердегі халықтың салымдарының бір бөлігін мемлекеттік қарыздарға айналдыру.
3. қазынашылық несиелер

Мемлекеттік кредиттің негізгі нысаны кредит қатынастары болып көрінеді **мемлекеттік қарыздар** болып табылады, бұл қатынастарда мемлекет негізінен қарызгер ретінде болады. Мемлекеттік қарыздар- нәтижесінде мемлекет белгілі бір мерзімге және белгілі бір ақша қаражаттарының белгілі бір сомаларын алатын мемлекет пен заңды және жеке тұлғалар арасындағы қарыз қатынастары.

Қарыздардың салықтардан айырмашылығы: Қарыздар ерікті сипатта және мәжбүрлеудің бүркемелі нысанында болса, Ал салықтар мәжбүрлігіне ие сипатыда және мәжбүрлеудің анық нысанында.

Қарыздарды **өтеу мезгілі, орны, орналастыру әдістері, қарыз валютасы, эмитенттер, табыстылық** түрлері бойынша бөлінеді.

Қарызды өтеу мерзімі бойынша: қысқа мерзімді (1жылға дейін), орта мерзімді (1жылдан 5 жылға дейін), ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары) болып келеді.

Орналастыру орны бойынша қарыздар: ішкі және сыртқы қарыздар болып келеді. Ішкі қарыздардың облигацияларын шетел азаматтары мен қоғамдар сатып ала алады.

Эмитентке қарай қарыздар: үкіметтің қарыздарына және биліктің жергілікті органдарының қарыздарына бөлінеді.

Табыстық түрлері бойынша қарыздар: пайыздық (қарыз иелері жыл сайын тең үлеспен бекітілген мөлшерлеме бойынша тұрлаулы табыс алады); ұтыс немесе лотереялық (табыс облигацияларының өтеу тиражы немесе ұтыс тиражы шыққанда төленеді) қарыздар болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы дербестікке ие болғаннан кейін ішкі қарыздарды қолдану басталды. 1992жылы республика үкіметі Мемлекеттік ішкі қарыз шығарады, ол кәсіпорындар мен ұйымдар арасында таратылады.

1996жылы Қазақстан республикасында резидент және бейрезидент заңды және жеке тұлғалар арасында номиналды 1000 теңгеге, айналым мерзімі 364 күнге тең мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады. Мемлекеттік ішкі қарызының ұлттық жинақ облигациялары таратылады. Ұлттық жинақ облигацияларына жүзбелі табыстық пайздары есептеліп, олар тоқсан сайын төленіп тұрады.

«Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш туралы» Қазақстан Республикасының заңына, Бюджет кодексіне сәйкес қарыз алудың мынадай түрлерін атауға болады: мемлекеттік қарыз алу және мемлекет кепілдік берген қарыз алу. Қазақстан Республикасында мемлекеттің қарыз алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ұлттық банкті және жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қарыздардың мынадай **түрлері мен нысандары** болады:

- 1.Қарызгерге қатысты бойынша:
 - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары.
 - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қарыздары
 - Жергілікті атқарушы органдарының қарыздары болып бөлінеді
- 2.Несие капиталының рыноктары бойынша:
 - сыртқы мемлекеттік қарыздар
 - ішкі мемлекеттік қарыздар
- 3.Қарыз алу нысаны бойынша:
 - мемлекеттік эмиссиялықбағалы қағаздар шығару
 - қарыз шарттарын (келісімдерін) жасасу болып бөлінеді.
4. Қолдану мерзімі бойынша мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар.

- айналыс мерзімі 1 жылға дейін, қысқа мерзімді
- айналыс мерзімді 1 жылдан 50 жылға дейін, орта мерзімді
- айналыс мерзімі 5 жылдан астам, ұзақ мерзімді болып бөлінеді.

Мемлекеттік кредиттің әдістері- әртүрлі және баяндалған нысандарға сай келеді. Мемлекеттік қарыздарда – бұл қаражаттарды тартудың және олардың кейін қайтарудың амалдары, тәсілдері: олар қарыздарды шығарудың шарттарымен анықталады: табыстылықты анықтаудың және табыс алудың әдістері, іс-қимылдың мерзімі, орналастыру амалдары (облигацияларды, бонддарды еркін сатып алу және сату, жазылу, мәжбүрleme орналастыру), өтеу амалы (облигациялар бойынша ұтыстар, қордаланған пайздық кірісі бар облигацияларды төлеп алу, мерзімсіз қарыздарда – пайыздық кірісті дүркіндік төлеу)

Қарыздардағы әдістерге сондай-ақ мемлекеттің борышын басқару әдістері де жатады. (жаңғырту, мерзімді ұзарту, сәйкестендіру, қайта қаржыландыру).

Мемлекеттік кредиттің нысандары кезінде – мемлекеттік банктердің депозит ресурстарының қалдықтарын пайдалану кезінде мұндай қолданудың шарттары әдістер болып табылады: мемлекеттің қаржы ресурстары ретінде тартылатын ресурстардың үлесі, қайтару мерзімі. Елдің орталық эмиссиялық банкісінің қаражаттарын тарту шарттары - әдістері ұқсас болады. Бұл әдістер мұндай қарыз алудың инфляциялық ықпалын азайтуды тиіс.

10.3 Халықаралық мемлекеттік кредит

Өзінің шығындарын жабуға мемлекет шетелдік кредиттерді де тартады.

Халықаралық мемлекеттік кредит- халықаралық экономикалық қатынастар сферасында елдің материалдық ресурстардың қозғалысы, мемлекет дүниежүзілік қаржы рыногында борышкер немесе несиегер ретінде болатын қатынастардың жиынтығы. Бұл қатынастар мемлекеттік сыртқы қарыздар нысандарын қабылдайды және ішкі қарыздар секілді олар да қайтарымдылық, мерзімділік және ақылық жағдайында беріледі. Алынған сыртқы қарыздардың сомасы есептелген пайыздармен бірге елдің мемлекеттік борышына қосылады. Мемлекеттік сыртқы қарыздар ақша және тауар нысанында беріледі. Несие субъектісі мемлекеттік уәкілетті органдар арқылы елдер болып саналады.

Халықаралық кредит- бірқатар елдер мемлекеттерінің, банктерінің, сондай-ақ басқа заңды және жеке тұлғалардың басқа елдерінің мемлекеттеріне, банктеріне және өзге де заңды және жеке тұлғаларына берілетін қарыздары. Сыртқы экономикалық байланыстардың дамуына байланысты халықаралық кредит сферасында мына валюта-кредит ұйымдары барған сайын маңызды орын алып отыр: Халықаралық Валюта қоры, Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі және оның ұйымдары- Дамудың Халықаралық Ассоциациясы, Инвестициялар Кепілдігінің көпжақты агенттігі, Халықаралық қаржы корпорациясы, Европа қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі және басқалары.

Халықаралық кредиттің дамуы мына факторларға байланысты болады.

- еңбектің халықаралық бөлінісі мен экономикалық бірігу
- өндірістің мамандандырылуы, қауымдасуы
- елдің табиғи ресурстарымен және жұмыс күшімен әр түрлі қамтамасыз етілуі
- жеке елдердің экономикалық дамуының біркелкі еместігін жеңіп шығудың қажеттілігі.
- Дамушы елдерге экономикалық көмек көрсетудің қажеттігі
- Дамушы елдердің дамыған елдердің сауда-экономикалық ынтымақтастығы.

Халықаралық кредитке берілетін мемлекеттің кредит ресурстары:

- қорланым қорларына жататын мемлекеттік бюджеттердің қаражаттарынан
- ұжымдық несие қорларынан (ұлттық және халықаралық банктердің меншікті және тартылған) қаражаттары.
- Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаттарынан тұрады.

Халықаралық кредиттің функциясы мемлекеттердің сыртқы экономикалық қызметі процесінде тауар және ақша ресурстарын қайта бөлу болып табылады. Халықаралық кредитті пайдалану экономиканың дамуын тездетуге, экономикалық дамудың деңгейлерін теңестіруге, сыртқы сауданың өсуіне, экономикалық бірігуді тездетуге жердемдеседі.

Халықаралық кредиттің негізгі нысаны сыртқы қарздар болып табылады. Қарыз қаражаттары сыртқы сауда мемілерін жүзеге асыру немесе экспорт пен импортқа жердемдесу – сыртқы сауданы несиелендіру үшін пайдаланады. Сыртқы сауданы несиелендіру кезінде кредиттерді беру, пайдалану және өтеу елдерінің тиісті бағдарламалары мен бюджеттерінде қарастырылады, мұның өзі оларға өздерінің міндеттемелерін толық ері бөгетсіз орындауына мүмкіндік береді.

Халықаралық кредит нысандарында экономикалық дамуды қолдау мақсатымен шетел мемлекеттері мен көпжақты ұйымдар беретін дамуға ресми көмек ерекшеленеді. Көмек беру мақсаттарының коммерциялық емес сипаты болады, яғни көпжақты валюта-кредит ұйымдары өздерінің пайдасын барынша көбейтуге ұмтылмайды, керісінше құрылымдық жаңғыртуды және экономикалық өсуді қамтамасыз ететін сфераларды қаржыландырады.

Қазіргі жағдайда жабдықты, материалдарды, азық-түліті сатып алу кезіне дамыған елдерде сыртқы сауда ұйымдары мен сыртқы экономикалық банк контракттар мен келісімдер, соның ішінде өтемдік келісімдер негізінде бұл елдердің банктері мен фирмаларынан алатын банк және коммерциялық кредиттерді пайдаланады. Өтемділік келісімдер – бұл сыртқы сауда келісімдерінің түрі, бұл келісімдер кезінде тауарды сатып алушы оның құнын басқа тауарлар жеткізілімімен төлейді. Өтемділік келісімдер шетел банктерінен ұзақ мерзімді кредиттер алуды қарастырады, бұл кредиттердің есебінен шетелдік фирмаларға белгілі бір объектіні салу үшін олардың сатып алынатын тауарлар төленеді.

Кредитті өтеу қабілетін бағалау үшін рейтинг агенттіктері елдің несие рейтингін езірлейді, бұл орайда мына аспектілерге назар аударыңыз.

- Демократиялық саяси жүйені жасаудағы прогресс;
- Қаржылық тұрақтылыққа және экономикалық өсуге жетудегі жетістіктер.
- Нарықтық экономикаға көшудегі прогресс;
- Сауда ағындарын қайта бағдарлау

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасы шетелдерден едәуір кредиттер алды. Сондықтан валюта қаражаттарын ұтымды, үнемді жұмсаудың маңызды арта түсуде.

10.4 Мемлекеттік борыш және сыртқы мемлекеттік борышты басқару, экономикалық салдары.

Мемлекеттік кредит қызметінің нәтижесінде мемлекеттік борыш түзіледі. **Мемлекеттік борыш-** бұл алынған және белгілі бір күнге өтелмеген мемлекеттік қарыздардың сомасы. Мемлекеттік борыш ұлғаймалы ұдайы өндірісті және қоғамдық қажеттіліктерді қатағаттандыру үшін ақша ресурстарын тарту нысандарының бірі ретінде мемлекеттік қарыздарды пайдаланудан туады. Мемлекеттік борышты мемлекет мемлекеттік бюджеттің қаражаттары есебінен өтейді. Орналастыру рыногына, қарыз валютасына және басқа сипаттамаларына қарай мемлекеттік борыш **мемлекеттік ішкі** және **сыртқы борыш** болып бөлінеді. Сондай-ақ **күрделі** және **ағымдағы** мемлекеттік борыш болып бөлінеді. Күрделі мемлекеттік борыш деп- мемлекеттің шығарылған және өтелмеген борышқорлық міндеттемелерінің бүкіл сомасын айтады.

Ағымдағы борыш- бұл мемлекеттің барлық борышқорлық міндеттемелері бойынша несиегерлерге табыс төлеу және мерзімі келген міндеттемелерді өтеу жөніндегі шығыстар.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік борыш өз кезегінде тікеле үкіметтің, Ұлттық банктің және Үкіметтің кепілдігі уәдесін алған кәсіпорындардың борышы болып бөлінеді. Егер, борышты несиегерлердің түрлері бойынша өзара бөлініске салсақ көбінесе Дүниежүзілік банкке, Халықаралық валюта қорына және Қазақстандық экспортты қаржыландыратын ұйымдарға қарыз. Қарыз алудың едәуір көлемі жеке несиелерге де тиеді. Бұлар көбінесе Қазақстанның бағалы қағаздарын – қазынашылық міндеттемелерді, Ұлттық банктің шоттары мен еурооблигацияларын сатып алатын шетелдік жеке және заңды ұйымдар. Орналастырылған еурооблигацияларды өтеу мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге жұмсалатын шығыстардың негізгі баптарының бірі болып отыр.

Мемлекеттік борыштың пайда болуы мен өсуінің себебі мемлекеттік бюджеттің тұрақты тапшылығы болып табылады. Дамыған елдерде мемлекеттік борыш және оны тудыратын бюджет тапшылықтары экономикалық циклге экономиканы тұрақтандыру мен оны дамытудың біріктірілген факторлары болып табылады. Халықтан, корпорациялардан, банктерден, басқа қаржы

және кредит мекемелерінен қарызға алынған ақша қаражаттары өнімді пайдаланылады және аталған қарызгерлердің активтері ретінде қаралады. Мемлекеттік борыш “ұлттық өзіне өзінің қарызы” ретінде қаралады және ұлттың жиынтық байлығының жалпы мөлшеріне әсер етпейді. Мемлекеттің ішкі борышының өсуі кезінде ұлттық табыс пен байлық кемімейді, мұның өзі, әрине, табыстардың қайта бөлінісімен байланысты болатын бірқатар келеңсіз салдарларды жоққа шығармайды, олар мынаған келеді.

1. Берешекті өтеу мен пайыздарды төлеу бюджет қаражаттарының есебінен, яғни салық төлеушілердің есебінен жүргізіледі, сөйтіп, табыстар мемлекеттік бағалы қағаздар иелеріне, қоғамдық дәулетті жіктеріне ағылады.

2. Салықтарды көбейту жолымен мемлекеттік борышты азайту жөніндегі мемлекеттің іс-қимылы кезінде макроэкономикалық тәуекелділіктер қосылады; жиынтық сұранымның қысқаруы тепе-теңдік таза ұлттық өнімнің азаюына ұрындырады, кәсіпкерлер тарапынан қаражаттардың жұмсалымына деген ынталандырмалары төмендейді, экономикаға қаражаттарды инвестициялау қысқарады.

3. Жеке меншік кәсіпкерлердің “инвестицияларын ығыстыру” нәтижесі іс-әрекет етеді.

Мемлекеттік борыштың басқа нысандарында мыналар жатады.

- бюджет тапшылығын жабу үшін бұрын алынған кредиттер бойынша Ұлттық банкке берешек
- облигациялар және басқа бағалы қағаздар шығарумен рәсімделген халықтан, шаруашылық жүргізуші субъектілерден алынған қарыздар бойынша борыш

Мемлекеттік сыртқы борыш - шетелдік несиегерлер турасында белгілі бір күнге, белгіленген мерзімге өтеуге жататын елдің қаржылық міндеттемелерінің сомасы. Мемлекеттік сыртқы қарыз алу бойынша тартылған қаражаттардың көлемі елдің Ұлттық банкісінің таза алтын-валюта резервтерінің 50 пайызынан аспауы тиіс. Дүниежүзілік практикада мемлекеттік борыштың мөлшерін салыстырмалы сипаттау үшін арнайы көрсеткіш- борышқа қызмет көрсетудің коэффициенті пайдаланады. Ол борыштық төлемдердің елдің валюталық түсімдеріне қатысты ретінде есептеп шығарылады.

Алынған және өтелмеген мемлекеттік және мемлекеттік емес сыртқы қарыздардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы резиденттерінің Қазақстан Республикасы бейрезиденттерімен келісім-шарттары бойынша берешектік міндеттемелерінің белгілі бір күнгі сомасы жалпы сыртқы борышты құрайды. Ол сыртқы мемлекеттік борышты және ішкі мемлекеттік борышты кіргізеді.

Сыртқы мемлекеттік борыш- Қазақстан республикасы өкіметінің, жергілікті атқарушы органдарының және Ұлттық банкінің Қазақстан республикасының бейрезидент несиегерлері алдындағы сыртқы мемлекеттік борышының құрамдас бөлігі. **Ішкі мемлекеттік борыш**- Қазақстан Республикасы өкіметінің, жергілікті атқарушы органдарының және Ұлттық банкінің Қазақстан республикасының қарызгер резиденттері алдындағы ішкі мемлекеттік қарыздар мен басқа да борыштық міндеттемелері бойынша мемлекеттік борыштың құрамдас бөлігі.

Мемлекеттік борышты басқару- мемлекеттің өзі оның кепілдігімен алынған борышқа қызмет көрсету, оны жоспарлы өтеу, жаңа қарыздарды тарту мен жүзеге асырудың шарттарын жасау жөніндегі мемлекет шараларының бүкіл спектрі, мемлекеттің оған уәкілетті органдары арқылы тұымды және тиімді қарыз алуды қамтамасыз ету және мемлекеттік кредитке қызмет көрсетудің құнын оңтайландыру жөніндегі қызметі; басқару келешекте макроэкономикалық қиыншылықтардан және төлем балансының проблемаларынан аман болу мақсатында жүзеге асырылады. Бұл орайда борыш мониторингі – борышты есепке алу, талдау және қалыптастыру, өзгерту және оған қызмет көрсету процестерін қадағалап, бақылап отыру жөніндегі уәкілетті органдардың қызметі ретіндегі мемлекеттік борыштың мониторингі жүргізіледі.

Мемлекеттік емес қарыз алуды Қазақстан республикасының резиденттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді ескере отырып, кез келген мөлшерде. Кез келген валютамен және кез келген нысанда дербес жүзеге асырады. Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік емес қарыз алуды жүзеге асыруға құқығы жоқ. Мемлекеттік емес қарыздарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерімен заңды тұлғалар тартуы мүмкін. Мемлекеттік кепілдіктермен тартылатын мемлекеттік емес қарыздар туралы шарттың нысанында болуға тиіс.

Мемлекеттік кепілдіктер – несиегерлерге Қазақстан Республикасы резиденттерінің өздері алған мемлекеттік емес қарыздар бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ату ретінде беріледі.

Қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының атынан кепілдіктер беруге Үкіметтің айрықша құқығы бар.

Қазақстан Республикасының қалыптасқан банкінің, жергілікті атқарушы органдарының қарыздар бойынша Қазақстан Республикасының атынан кепілдіктер беруге құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының үкіметінің тапсыруымен мемлекеттік кепілдіктер беруді Қаржы министрлігі жүзеге асырады. Мемлекеттік кепілдіктерді беру жоғарыда аталған Заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Мемлекеттік борышқа қызмет көрсету деп қарыз алушының шарттарынан туындайтын сыйақы, комиссиялық және өзге төлемдерінің жиынтық төлемақыларын айтады.

Борышты өтеу – қарызгердің қарыздың алынған сомасын несиегерлермен тәртіппен борышты құрайтын басқа міндеттемелерді орындауы.

Қайта қаржыландыру – мемлекеттік берешекті жаңа қарыз шығару есебінен өтеуді білдіреді. Сонымен бірге, бұрын шығарылған қарыздардың орнына бірдей құндық ара салмақпен бағамдық айырмашылықты есепке алмай жаңа қарыздардың облигациялары беріледі.

Жаңғырту – деп бұрын шығарылған қарыздардың шарттарын табыстылығы бойынша аз жағанан да, көп жағынан да өзгертуді айтады. Бірінші жағдайда үкімет борыш бойынша елеулі шығыстар кезінде, екінші инфляцияның болуы кезінде немесе қарыз облигацияларын сатып алудағы халықтың мүдделігін күшейту мақсатымен істейді.

Мерзімді ұзарту мерзімі қарыздардың бастапқы шарттарын оларды ұзарту немесе қысқартумен байланысты өзгерту болып табылады. Үлкен көлемдегі мемлекеттік борыш мемлекетті банкроттыққа ұшыратпайды, өйткені **үкіметтің мынадай іс-қимылдары қолданылуы мүмкін:**

1. Қайта қаржыландыру – төлеу мезгілі жеткен облигацияларды өтеу үшін практикада үкімет шығыстарды қысқартпайды және салықтарды көтерміді. Ол өзінің борышын қайта қаржыландырады, яғни жаңа облигациялар сатады және түсім-ақшаны өтілетін облигацияларды ұстаушыларға төлеу үшін пайдаланады.
2. Салық салу – үкіметтің салық салуға және оларды жинауға құқығы бар. Қаржылық күйреу кезінде жеке шаруашылықтар мен корпорациялар салық жинақ есебінен кірістер ала алмайды, ал үкімет ала алады; сөйтіп жеке шаруашылықтар мен корпорациялар банкроттануы мүмкін, ал үкімет банкроттанбайды.
3. Ақша жасау – Борыштың негізгі сомасын және пайыздарды төлеу үшін үкіметтің ақша басып шығаруға мүмкіндігі бар, бірақ мұның инфляциялық нәтижесі болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттік-кредиттік қатынастарды қаржылық қатынастарға неге жатқызады?
2. Мемлекетте қандай кредиттік қатынастар пайда болады?
3. Мемлекеттік кредиттің функцияларын баяндаңдар.
4. Мемлекеттік кредиттің нысандарын атап шығындар және оларға қысқаша сипаттама беріңдер.
5. Мемлекеттік-кредиттік қатынастарда қандай әдістер қолданылады?
6. Халықаралық мемлекеттік кредиттің қажеттігін қандай факторлар тудырады?
7. Халықаралық мемлекеттік кредитте қандай нысандар пайдаланылады.
8. Мемлекеттік борыш қалай түзіледі? Оның ұғымын тұжырымдаңдар.
9. Сыртқы мемлекеттік борыштың негізгі проблемаларын баяндап шығындар?
10. Қазақстандағы ішкі мемлекеттік борыштың негізгі нысандары қандай?
11. Мемлекеттік борышты басқару дегеніміз не және оның негізгі әдістері қандай?
12. Мемлекеттік борыштың мүмкін жағымсыз салдарлары (зардаптары) қандай?

Әдебиеттер:

1. Қ.Мырзабекқызы, А.Болғанбаев. Қаржы теориясы. Шымкент: Асель. 2021
2. Г. Азретбергенова. Қаржы I, оқу – әдістемелік құралы, Түркістан 2020,
3. Г.Азретбергенова. Введение в финансы, Учебно-методическое пособие, Түркістан 2020,
4. Р.Серкебаева., Р.Смагулова. Финансы, Учебник. МОН РК, Ассоциация вузов РК. - Алматы: BOOKPRINT, 2014.
5. С.Құлпыбаев. Қаржы. Оқулық. Алматы: Экономика, 2015ж.